

2. Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006–2016 годы. – Астана, 2006. – 145 с.
3. Шаронова С. Гендер. Образование. Мобильность. – // Общественные науки и современность. 2016. – № 6.
4. Клёцина И.С. Интеграция гендерной проблематики в систему психологического знания // Пол и гендер в науках о человеке и обществе / Под ред. В. Успенской. – М., 2015. – 300 с.
5. Введение в гендерные исследования: Учеб. пособие / Под. ред. И.В. Костиковой. – М., 2014. – 210 с.
6. Воронина О. А. Социокультурные детерминанты развития гендерной теории в России и на Западе // Общественные науки и современность, 2015. – № 4.
7. Воронина О. А. Формирование гендерного подхода в социокультурных науках // Гендерный калейдоскоп: Курс лекций. М., 2015. – 200 с.
8. Здравомыслова Е. А., Темкина А. А. Социология гендерных отношений и гендерный подход в социологии // СОЦИС, 2014. – № 11.

ӘОЖ 373.2

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА САЙ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУДАҒЫ БАЛАБАҚША МЕН АТА – АНАЛАР СЕРІКТЕСТІГІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Даниярова А.Ш.

(«Балауса» бөбекжай – бақшасы» МКҚК тәрбиешісі, Петропавл қ.,
aynur_daniyarova@mail.ru)

Аңдатпа

Өмір ағысымен уақыт та орнында тұрмайды: заман талабы өзгереді, осымен қатар сұраныс пен мүмкіншіліктер де өзгереді. Қазіргі уақытта баланың кіші жастан бастап заманауи жаңашылдыққа сәйкес тәрбиелеп өсіруі – әр ата – ананың мақсаты. Бірақ, барлық ата – аналар баланың дамуына бар уақытын арнай алмайтын себептері де болады. Осы уақытта балабақшаның көмегі – дәл қажетті саты болып саналады. Баланың бойындағы бар қажеттіліктерге сәйкес коммуникативті – танымдық, эмоционалды – шығармашылық тұрғысынан толығымен дамытуы – балабақша мен отбасы арасындағы бірлескен серіктестік басты фактор болып табылады.

Түйінді сөздер: сұраныс пен мүмкіншіліктер, ата – ананың мақсаты, баланың дамуы, бірлескен серіктестік.

Аннотация

С течением жизни и время не стоит на месте: меняются законы времени, и вместе с этим меняются и потребности с возможностями. В настоящее время развитие ребенка с младшего возраста в соответствии с современной новизной – цель каждого родителя. Но, есть причины, по которым не все родители могут полностью посвятить себя развитию ребенка. И здесь помощь детского сада – самая нужная ступень. Коммуникативно – познавательное, эмоционально – творческое развитие ребенка, исходя из его потребностей – главный фактор взаимопреимственности детского сада и семьи.

Ключевые слова: потребности с возможностями, цель родителя, развитие ребенка, взаимопреимственность.

Annotation

In a tide of life and time doesn't stand still: laws of time change, together with it also requirements with opportunities change. Now development of the child from younger age in compliance novelty – aim each parent. But there are reasons for which not all parents can development of the child completely. And here the help of a kinder garden – the most necessary step. Communicative, emotional and creative development of the child, procuding from his requirements – the main factor of mutually continuity of kinder garden.

Key words: wish opportunities the parent's purpose, development of the child, mutually continuity.

Кіріспе

Қазіргі уақытта заманның талабына сай жан – жақты жетілген жеке тұлғаны дамыту – заманауи білім беру жүйесінің дамуындағы өзекті мәселе болып саналады. Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруы кіші жас сатысынан басталады. Бұл тікелей мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен отбасы қоғамдастығына байланысты. Осы кезде мектепке дейінгі мекеме мен отбасы арасындағы серіктестік тығыз болып, баланың дамуына бағытталған жұмыстар бірлесіп жасалу керек деп ойлаймын. Жоспарланған жұмыстар коммуникативті – танымдық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп толығымен дамытуына бағытталады. Бірақ, балабақша мен отбасы арасындағы бірлескен жұмысты жоспарлау кезінде келесі екі факторды есепке алу керекпіз:

1) Отбасының тілдік барьері (ата – аналардың мемлекеттік тілде сөйлеу барысында қиындық көретіндері);

2) Отбасының уақыт жетіспеушілігі (ата – аналардың жұмысына байланысты бос уақыттың болмауы). Осы екі фактор жоспарлаған жұмысты толығымен атқаруда кейбір кезде кедергі жасап отыратын мүмкіндігі бар. Бұл біз үшін өте өзекті мәселелер болып саналады. Сондықтан, біздің балабақшамызда ата – аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру процессіне назар аударғым келеді.

Балабақшаға балалары алғаш келген кезде ата – аналары балаларымен бірге бейімделу кезеңінен өтеді. Әр бала және әр ата – ана үшін бейімделу кезеңі әр түрлі өтеді. Кейбіреулері балабақша тез үйреніп бейімделу кезеңінен жеңіл өтеді. Басқалары осы кезде әр түрлі қиындықтар көріп, 2 жұмадан 1,5 айға дейін бейімделіп жүреді. Осы кезде балабақша бейімделу кезеңіне арналған арнайы жоспар құрып, барлық жұмыстар осы жоспар бойынша жүргізіледі. Және де осы кезде, ата – аналар балабақшамен танысып жүргенде өзара түсініспеушілік болуы мүмкін. Әрине, бала отбасы жағдайында тәрбиеленіп, бір уақытта әлеуметтік қоғамға түскеннен кейін бірнеше сұрақтар туындайды. Дәл осы уақытта ата – аналармен тіл табысып, өзара қарым-қатынасты дұрыс бағытта жүргізуі – балабақшаның міндеті.

Ата – ана балабақшаның өмірімен толығымен танысып, оны жан-жақтан түсіну үшін, сол ата – ананың балабақша өміріне белсенді қатысып, өз бойында сезіп көруге керек деген тұжырымдамада тоқтадық. Сонымен, ата – аналармен жүргізілетін жұмысқа аса назар аударуды басшылыққа қойдық. Жыл сайын жоспарлаған жұмыста «Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс» атты бөлімге жеке тоқталатын болдық.

Зерттеу әдістері

Ата – аналармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау барысында бірнеше әдістерді қарастырдық:

- Ата – аналарға арналған психологиялық сауалнама;
- Ата – аналардың спорттық – сауықтыру, шығармашылық шараларға қатысуы;
- Баламен бірлескен жұмыстарды жүргізуі;
- Ата – аналардың қатысуымен тақырыптық көрмелер ұйымдастыруы;
- Балабақша сұрақтарын шешуде ата – аналардың пікірімен санасу.

Қанша ата – ана болса, сонша мінез де болады. Әр ата – ана өзгеше. Сондықтан өз жұмысымызды ата – аналарға арналған психологиялық сауалнамадан бастадық. Берілген сауалнамада ата – аналар тек қана сұрақтарға жауап бермей, сонымен қатар балабақша жағдайын және балалардың тиімді дамуына қатысты өз ой – пікірлерін ұсынуға жол берілді. Сауалнамада жалпы балабақшаға, жеке балаға және өз жеке басы ата – анаға қатысты сұрақтарға жауап алынды. Психологтың көмегімен жауаптар талқыланып, ата – аналардың тарапынан түскен ұсыныстар мен сұрақтар негізінде

қандай бөлімге назар аудару керектігі анықталды. Ата – аналардың ұсыныстарын ескере отырып сауалнаманың қорытындысы негізінде алдағы жұмыстардың бағыты анықталады. Ата – аналардың тарапынан көбінесе түсетін ұсыныстар:

- Баламен өткізілетін жеке жұмысы;
- Тілдерін дамыту жұмыстары;
- Шығармашылық дамытуы.

Әрине, әр ұсынысқа түсініспеушілікпен қарап, мүмкіндікше жағдай жасалынады.

Балабақша өмірінің ағуымен толығымен таныстру үшін ата – аналарды ай сайын әр шараларға қатыстыруы болды. Жылдық міндеттерде баланың денсаулығын нығайтуы болғандықтан, сәйкес сауықтыру жұмыстары тәрбиеленушілермен, ата – аналармен және педагогтармен жүргізіледі. Қыркүйек айында отбасы күніне орай ата – аналардың қатысуымен спорттық шара ұйымдастырылды. Барлық топтың ата – аналары қатысып, балабақшада өткізілетін жаттығуларды өздері жасап көрді. Жалпы спорттық шара бірнеше бөлімнен тұрды. Әрине, әр топ өз тобымен таныстыру керектігі болғандықтан, осы кезеңде алдын ала дайындық жұмысы өткізілді. Дайындық кезінде педагогтар мен ата – аналар тығыз байланыста болып бірнеше рет дайындық жұмыстарымен кездесті. Осы жұмыстарға алғаш кезінде қиындық көрген немесе қандай да бір балабақша өміріне түсініспеушілікпен қараған ата – аналарды қатыстыруға тырысқаны жөн болды. Осындай бірлескен жұмыстарда ата – аналар балабақша қызметкерлердің еңбегін түсіне бастайды. Бірлескен жұмыстың нәтижесін өткізілген шараның аяқталуында көруге болады.



Сурет 1 Фотосурет

Ата – аналар арасында шығармашылығы мол, бойында бір өнер қасиеті бар ата – ананы анықтау үшін балабақшада ата – аналар арасында Халықаралық әйелдер күніне арналған тақырыптық байқау өткізілді. Байқаудың өткізілген мақсаты: ата – аналарды балабақша өміріне белсенді қатыстыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту; баланың алдында балабақша мен ата – аналар арасындағы серіктестікті көрсету. Осы байқауға үлкен дайындық жүргізілді. Дайындыққа әр топтың барлық ата – аналарын қатыстыруға тырыстық. Байқаудың барысы бірнеше шығармашыл бөлімнен тұратын болғандықтан, дайындық кезеңінде ата – аналар әр бөлімді дайындау үшін өзара топтасып жұмыс жасады. Ата – аналар үшін: өзара жаупкершілік пен сенімділікті орнату; балабақша үшін: ата – аналар мен балабақша арасындағы бірлестікті орнату.

Қазіргі заманға сай жеке тұлғаны дамытудағы балабақша мен ата – аналар 205 серіктестігінің маңыздылығы



Сурет 2 Фотосурет


Жыл сайын жоспарланған жылдық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепке дейінгі мекеме тақырыптық семинар өткізеді. Осыған байланысты алдыңғы жылдарының бірінде «Ортақ Отан – бір Отан» атты Қазақстан Республикасының халықтарының Ассамблеясына арналған шара өткізілді. Осы шараның ұйымдастыру барысында балабаша мен ата – аналар арасындағы бірлескен жұмысқа үлкен назар аударылды. Ата – аналар ұйымымен алдын ала отырыс өткізіліп, ұйымдастыру кезеңінің талқылауы жүргізілді. Талқылау балабақша мен ата – аналар ұйымы бір шешімге келді. Осы отырыстың шешімдері негізінде ата – аналардың тарапынан түскен ұсыныстар бойынша тәрбиеленушілер еліміздің халықтарының ұлттық киімдерімен шығып, әр бала өз халқының ерекшеліктерімен таныстырды. Осы кезде алдымызға қойған мақсаты: ата – аналардың ұсыныстары мен балабақша талаптары негізінде бір жұмыс ұйымдастырып жүргізу. Осы кезде де ата – аналардың бос уақыт жетіспеушілігі – сол уақыттағы өзекті мәселе болып қалғанымен, ата – аналар үй тапсырмаларын жасасу кезеңіне белсенді қатысты.



Сурет 3 Фотосурет

Балаларымызды Отанымыздың патриоты болып, өз елін құрметтеп өту мақсатында адамгершілік – патриоттық тәрбие береміз. Адамгершілік – патриоттық тәрбие бағытында балалармен жыл бойы жұмыстар жүргізіледі: Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер күні, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Ұлыстың ұлы Наурыз мерекесі, Батырлар және Жеңіс күні, Қазақстан Республикасының Конституция күні, т.б. Патриоттық мерекелер тақырыптық аптамен өткізіледі. Осы патриоттық шараларды өткізу кезінде ата – аналар педагогтар мен балаларға басты көмекшілер болып

саналады. Ата – аналар мерекенің ұйымдастыруына өз ой – пікірлерімен, өз идеяларымен келеді. Және де өткізу барысында өздері қатысушы болып қатысады. Ұлы Жеңіс күні де осы шаралардан қалып қойған жоқ. Балабақша қызметкерлеріне қарай, тәрбиеленушілердің ата – аналары да бар жауапкершілікпен қарап өз үлесін қосты. Бірге ұйымдастырылған жұмыс балаларға біріншіден мерекелік сезімде болып, екіншіден осы мерекенің маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік берді.



Сурет 4 Фотосурет

Барлықтарымыз «Баланы жан – жақты дамыту керек» деген сөздерді айтуға шаршамаймыз. Бірақ, баланы балабақшаға беріп, бала барлық оқу – тәрбиені балабақшадан алады деген көзқарас аса дұрыс емес. Осы кезде «балабақша – отбасы» түсінігіне акцент жасалу керек. Өйткені, бала екі жақтан бірлескен жұмыс арқылы жетілу керек. Осы тұжырымдаманы негізіне алып, ата-ана мен баласының біріккен қатысуымен шаралар ұйымдастырылады. Осы жұмыстың мақсаты: балабақша жағдайына отбасылық тәрбиені үйлестіру. Психологтың бақылауымен отбасы арасындағы атмосфераны түсініп, балабақша қарамағынан өз үлесін қосу. Осындай кештердің бірі «Ана мен бала» атты ток – шоу.



Сурет 5 Фотосурет

Зерттеу нәтижесі

Ұйымдастырылған әр жұмысқа өз мақсаты қойылған. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін сәйкес міндеттер қойылып, арнайы жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстарды талқылап, әр жұмысқа сараптама беріледі. Жұмыстардың өткізуін сараптау кезінде барлық қатысушылардың пікірі тыңдалды. Сараптаудың басты мақсаты: ұйымдастырылып өткізілген жұмыстың балабақша мен ата-аналар

арасындағы тиімділігі бар ма әлде жоқ па? Бар болса, қандай тиімділігі және қай жұмыста нақты көрінді; жоқ болса, қай жерде қандай жұмыс толығымен орындалмағаның түсіндіру. Осы нәтижелер негізінде алдыңғы бағытқа келесі жұмыстар жоспарланады.

Біздің зерттеу жұмыстары талқыланып, салыстырмалы сауалнама жүргізілді. Жылдық тығыз жұмыстардан кейін ата – аналармен өткізілген психологиялық сауалнама оң жауабын берді. Ата – аналардың тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар болды, бірақ салыстырмалы сауалнама келесі сұрақтарды көздеп отырғандарын көрсетті:

- Балабақша мен ата – аналардың бірлесуімен көбірек шаралар өткізуі;
- Балалар және ата – аналармен өткізілетін шараларды балабақшадан тыс жерлерде өткізуі (қала, облыс, республикалық деңгейінде).

Қорытынды

Біздің алдымызда тұрған өзекті мәселенің екі факторы:

1) Отбасының тілдік барьері (ата – аналардың мемлекеттік тілде сөйлеу барысында қиындық көретіндері);

2) Отбасының уақыт жетіспеушілігі (ата – аналардың жұмысына байланысты бос уақыттың болмауы), жақсы ұйымдастырылған жұмыс арқылы оң және тиімді нәтижеге әкелді. Ата – аналар барлық шараларға белсенді қатысып балабақша өмірімен толығымен танысты және балабақша жұмысын жоспарлауында өз үлестерін қосуда.

Сондықтан, дұрыс емес қызмет жасамайтын балабақша немес балабақша өмірін түсінбейтін ата – ана жоқ. Осы болжамды біз өз тәжірибемізде ұйымдастырдық, көрдік және тиімді нәтижесін алдық.

Әдебиет:

1. Л.Н. Галигузова, С.Ю. Мещерякова, Развитие детей в раннем возрасте: современные тенденции // психологический электронный журнал № 3, Москва 2010 г., URL flogiston.ru.
2. Б.И. Бекежанова, Консультационный электронный сайт, Астана, URL www.all-psy.com.